

АҚИҚАТ ТАҢЫ

Рухани ғибрат журналы 1/2008



«ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ»



“Біз не естіп,
не білсек те,
оларды балалардан
жасырмаймыз.

Келешек ұрпаққа
Жаратқан Иенің

даңқты істерін,

Оның Қүдіреті мен
кереметтерін
айтамыз.”

Забур жыры 77:3-4

Қымбатты оқырман!

Сіздермен журнал беттерінде қайта қауышқанмызға Жаратқан Иеге алғыс айтамыз. Осы жылы бастаған барлық істеріңізге Құдайдың батысы мен жарылқауын тілейміз. Әрбір ісіңіз игілікпен толықтай аяқталып, жемісті болсын.

Сонымен, осы жылдың бірінші басылымын қолдарыңызға табыстай отырып, Иеміз Иса Мәсіхтің рақымы рухтарыңызды жігерлендіріп, халқымызға тыныштық пен амандық сыйлай көрсін!

Редакция алқасы

*"Өмірлеріңде игі ісін бастаған
Құдайдың оны жалғастыра беріп, Мәсіх
қайта оралар күнге дейін толықтай
аяқтайтынына кәміл сенемін".*

Әрімініліктерге арналған хат 1:6

Құтқарылғандардың Құдайды мадақтау Жыры

«Уа, Жаратқан Ием, Сені мадақтаймын!
Маған ашуланған едің, ал сосын
Қаһарыңды басып, мені жұбаттың.
Сөз жоқ, тек Құдай менің Құтқарушым!
Оған сеніп, қорықпаймын да енді,
Тәңір Ием – күш-қуатымның көзі,
Айтар жырым Жаратқан Ие жайлы:
Ол адал Құтқарушым боп келеді!»
Құтқарылудың қайнар көздерінен
Су ала бересіңдер қуанышпен.
Сол кезде былай дейтін боласындар:
«Жаратқан Иеге шүкірлік етіп,
Есімін атап Оған сиыныңдар,
Әділ істерін ұлттарға білдіріп,
Есімінің ұлылығын хабарлаңдар!
Тәңір Иеге арнап ән шырқандар!
Ол ұлы кереметтерді істеді,
Осыны білсін жер шарының бәрі!»

Ишая пайғамбардың жазбасынан 12:1-5.



Алғашқы және Соңғы

Біздің Құдайымыздың бірден-бір бірегей, әрі ғажайып есімдерінің бірі – «Альфа мен Омега», яғни «Алғашқы және Соңғы» туралы әңгіме қозғалық. «Бүкіл әлемнің Иесі – әрдайым бар, мәңгі болып келген және болашақта келетін Құдай: Алғашқы да, Соңғы да Менмін!» – дейді (Аян 1:8). Бұл есім қандай мағына береді? Біздің Құдайымыздың табиғатының кемелдігін білдіреді, яғни: Ол бастайды, бастаған ісін әрдайым аяқтайды.

Ишая пайғамбар: «Менің ойым сендердің пікірлеріңнен өзге, Менің жолым сендердікінен басқа, – деп жариялайды. – Аспанның жерден қаншама жоғары болатынындай, Менің жолым да сендердікінен соншама жоғары, Менің ойым да пікірлеріңнен тым биік. Аспаннан жауған жаңбыр мен қар аспанға бекер қайта оралмайды. Керісінше, олар жерді суарып, көгертіп, дақылдарды өсіріп шығарады да, диқанға себуге тұқым, халыққа жеуге нан береді», – деді (Ишая 55:8-11). Құдаймен бастау алған іс өзінің аяғын табады.

Біз Киелі кітаптан мағынасы жағынан ұқсас келген есімдерді кездестіреміз, мысалға «Басы мен Аяғы», «Алғашқы мен Соңғы», «Альфа мен Омега» (грек әліпбиінің бірінші және соңғы әрпі). Бұлар бізге не айтқысы келеді екен? Егер мен, біздің өмірімізде толықтықтың жоғынан зардап шегудеміз десем, сіздер мені мақұлдайсыздар ғой, ә? Кейде бұл аяқсыз қалған, яғни бітпей қалған ісіміздің толықсыздығы қорқыныш әсерін береді. Біздің сарылып күткенімізге қарамастан, күткеніміз басталмай қояды. Өлдекім нәрестенің өмірге келуін күтіп дегбірі қашады, енді біреуі үлкен өзгерісті қинала күтеді, ал енді біреулері ісінің нәтижесін тағатсыздана күтеді. Осылайша бүкіл әлем күту залында отырады. Алайда көп нәрселер толық аяқталмай қалады. Біз олардан нәтиже күтеміз, бірақ оның көлеңкесін де көре алмаймыз. Осы жерде соңы деген мен толық аяқталу дегеннің арасын ашып алу керек. Көбіне біз соңын тапқан істің толық аяқталмағанын нақты көреміз. Түсіндіріп көрейін.

Мәселен, кино өнерінің соңғы, танымал болған картиналарын алып қарайық. Біздің көңілімізден шыққан басты кейіпкеріміз сериал соңында жападан-жалғыз қалады – оның барлық жора-жолдастары даңқ-дақпыртсыз, ақымақ халде өледі. Қай фильмде де нақ осындай жағдай. Бір қарағанда, шиеленіскен оқиғаның шарықтау шағындағы жауапты кезеңнің артынан ұзағынан сүйіндірген өмір күтіп тұрғандай болады! Өкінішке орай, көрерменді қайғылы соңы күтеді... Үлкен бір нәрсе бітеді, бірақ аяқталуында еш толықтық көрінбейді. Көңілсіз, ақымақ нәтижемен тәмамдалады. Достар, кез келген істің кемелсіз аяқталуы қорқыныш әкеледі!

Өмірде біз бұндай кемелсіз аяқталумен жиі кездесеміз: ісіміз не басталмайды, не аяқталмайды. Дәл осы кезде күтпеген жерден үмітімізді жандырып әрі тәуекелге шақырған Иеміз Иса Мәсіхтің «Мен Басы және Соңымын» деген сөздерін естиміз. Бұл Оның болмысы екенін жақсы түсініп алғанымыз жөн. Бұл Оның істерінің жай көрінісі емес: яғни қаласа – бастап, қаласа – бастамайтын; қаласа – аяқтап, қаласа –

Өмір сөзі

бетімен қоя беретін. Жоқ, бұл Оның мінезі. Бұл Оның Есімі. Тек осылай ғана Ол Өзін көрсетеді.

Тек Онда – басы және тек Онда – соңы. Басы мен соңы бір-бірімен байланысқан бір шеңбер сияқты. Бір нәрсе аяқталып жатқан жерден бірден жаңасы басталып жатады. Осы басталып жатқан нәрсе міндетті түрде аяқталуға қарай жылжиды – біздің Құдайымыздың табиғаты осындай, және Оның ісі де Өзі сияқты, ретімен орындалып жылжып отырады. Ол – Алғашқысы және Соңғысы. Альфа және Омега.

Достарым, Құдай біздің жанымызды қорқытатын кемелсіздіктен сауықтырғысы келеді, өйткені бұл қорқыныш бізді тұрақтылық пен жүрегіміздегі тыныштықтан айырады. Осы дүние бізге жалған тыныштық ұсынады, мысалға «Соңына қарай белгілі болады, қайтер дейсің... Сосын көре жатармыз... Шешеміз...» Адамдар «әйтеуір, соңы болар» деген сөздер арқылы жалған жұбаныштармен өздерін жұбатады. Олар жақындарының өлімімен бетпе-бет келгенде, біраз ойланып қалады, бір сәтке қорқып, сосын: «Жаны жәннаттан орын алсын!» деу арқылы жалған жұбанышпен шешім тапқандай болады. Бірақ бұл соншалықты сіңіп кеткен өзін-өзі алдау, бұл бір мезетте және қайғылы тұмандай боп тарап кетеді. Сөйтіп жүріп адам Құдайдың алдына келгенде ғана өзінің күнәға белшесінен батқанын көреді, бірақ бірденені өзгерту тым кеш болады. Ерте ме, кеш пе, адам осы жан түршіктірер үрей туғызатын кемелсіздікті түсіне бастайды және одан тек Иса Мәсіхте құтқарылуға болатынына көзі әбден жетеді. Аян кітабы бізге: «Мен Оны көргенде өлі адамдай алдына құлап түстім. Сонда Ол оң қолын үстіме қойып, былай деді: «Қорықпа! Мен Алғашқымын және Соңғымын, әрі Тірімін. Мен өлген едім, ал енді мәңгілік өмір сүремін. Өлімнің де, о дүниенің де кілттері Менде», – дейді (Аян 1:17-18).

Достарым, Құдайда бәрі сенімді. Ол бастаса жалғатырады және толық аяқтайды. Кей кездері біз уайымдаймыз әрі көзге көрінетін өмірдегі сияқты көрінбейтін өмірде де «не ексең соны орасың» деген себеп-салдар механизмімен бетпе-

бет кездесеміз. Адамдарға жаман қарым-қатынас тұқымын сеуіп, өзімізге де дәл сондай өнім жинаймыз. Бұдан біз не көреміз? Көзге көрінетін өмірдегі сияқты, көрінбейтін өмірде де бірдей нәтиже беретін себеп-салдар заңдылығы өзінен де жоғары тұрған рухани заңға – адам мен Құдайдың жеке қарым-қатынас заңына бағынған. Сонымен, жеке қарым-қатынас заңы себеп-салдар заңдылығынан да жоғары екен! Құдай себеп-салдар заңдылығының жұмысына рұқсат берсе, ол жұмыс істейді, ал осы жұмыс үрдісіне Құдайдың Өзі араласса, бұл заңдылық бір шетке қарай ысырылады.

Біздің әрқайсымыз күнәһар өмір кештік. Жеке басым Құдайға келгенге дейін оқулық істермен айналысқанмын, енді, әрине, сондай іс-әрекетімнің «жемісін» көруім керек еді. Киелі жазба бізге, оқулық нәрселермен айналысқан әрекеттер – жиіркенішті күнә, яғни сұмдық жеккөрініштілікпен ерекшеленетінін ескертеді. Бірақ Құдай не істеді? Ол менің өміріме келді де, өмірімді аралап көріп, еккен жерімді «қайтадан жыртып» шықты, енді мен «еккенімнің жемісін көрмейтінім үшін Құдайға шүкір!» деп айта аламын.

Неліктен мен еккенімді ормаймын? Мен соншалықты ақылды болғандықтан ба? Я болмаса, «өйтіп-бүйтіп» әрекет жасап, рухани әлемде кереметтей бір «пысық» іс тындырдым ба? Олай емес! Мен Құдайға, осы Ғаламшардың Жаратушысы әрі Билеушісі, Заң шығарушы, бүкіл әлемді құрастырған Ұлы Сәулетші – Тәңір Иеге бет бұрдым. Мен Оған өзімді тапсырдым, сөйтіп Ол менің өмірімді тәртіпке келтірді. Қалайша дейсіз бе? Өйткені «Мен сенің күнәңа өкінгеніңе бола сені кешіремін. Бірақ мынаны есінде ұста: Менің сүйікті Ұлым сенің күнәһар өміріңнің жемісін орды. Енді Менің Ұлымның ерлігін алғыспен қабылдағаның үшін Мен істеген жамандығыңа жамандық жемісін жинауың керек деген заңдылықтың әрекетін тоқтатамын» дейді. Осылайша мойынсұнуымыз арқылы және Мәсіхтің құрбандығының арқасында Құдайдың кешіруімен бұл заңдылықтың әрекеті тоқтайды.

Бұндай мысалдар қаншама? Құдайды таныған көптеген

Өмір сөзі

адамдар осылайша өздері туралы айта алады. Мен көп әйел алған бір адамды танушы едім. Ол әлгі бір әндегідей: «Егер мен сұлтан болсам, онда үш әйел алатын едім...» Ол әлгі сұлтанның да асып түсті, оның әйелдерінің саны үштен де көп болып шықты. Егер ол өмірінде екенін оратын болса, онда нәтижесі сұмдық болары анық. Бірақ оның да өміріне Құдай араласып, қайтадан қалпына келтірді. Қазір ол Құдайдың мейірімінің арқасында, бір әйелі мен бала-шағасы бар бақытты өмір кешуде. Бұған ол Құдаймен жеке қарым-қатынас орнатқанының нәтижесінде жетіп отыр. Ал енді осы жеке қарым-қатынас себеп-салдар механизмінен де жоғары, сондай-ақ осы заңдылықты өзінде қамтыған.

Кейде мәсіхші Құдайдың сүйспеншілік тілін түсінбей жүргенін көргенде, Ол Сүюші және дана Әке ретінде оны тәрбиелейді және сабақ болсын деген мақсатпен жазалауы да мүмкін. Неліктен? Ол себеп-салдар заңдылығын бізді тәрбиелеу үшін пайдаланады. «Иеміз сүйетін әркімді түзетіп тәрбиелейді де, бауырына басқан әр баласын да жазалайды қажет болғанда. Көріп жатқан азаптарыңа тәрбие ретінде шыдаңдар. Құдай сендерге рухани баласына қарағандай қарайды. Әкесі түзетпейтін бала бола ма?» (Евр. 12:6,7) – деп жазылған. Құдай бір жағдайлардың біздің өмірімізде болуына жол береді, бірақ сол жағдайлар Оның билігінде болады, өйткені Ол біздің Билеушіміз. Осыны түсіну маңызды іс. Жағдайдың соңының толықтығы Одан бастау алады, ал жағдайлар Оның қолында, өйткені Ол – Басы және Соңы ғой.

Иса Мәсіхті сатып кеткен Яһуданы еске алайықшы. Сол адамға біздің жүрегіміз қандай әсерде болады? Көптеген адамдардың қорқынышпен: «Құдай, Сен барлығын көрдің ғой! Сен бұл адамның сатқындығын көре тұра, оған мейірімді болдың!» деп айтқандарын мысал ете аламын. Яһуданың мысалы, яғни Мәсіхтің оны Өзіне шәкірт етіп шақыруына дейін: «араларыңдағы біреуің Мені сатып кетесіңдер» деп айтуы біздің жүрегімізге зіл түсіреді. Біз: «Құдай, егер солай

болса, егер Саған барлығы айдай анық болса онда қалай өмір сүрмекпіз? Онда менен не күтуге болады?» Мен де осы сияқты сұрақтарды қойдым және нақты жауапты Киелі кітаптан алдым: «Мәсіх – Басы мен Аяғы, тек Онда ғана құпия толықтық бар. Ол бізге: «Қорықпа!» дейді. Бірақ мен дәл осыдан қорқып бастаймын, «Құдайым, толықтығы жоқ нәрсе мені үрейлендіреді. Бірақ Сендегі толықтықтың түсінігі маған аян болып ашылғанда мен қорықпайтын болдым».

Құдай бізге: «Қорықпа!» дейді. Неліктен? Өйткені Ол Сүйіспеншілік қой. Ол бізбен саудаласпайды. Ол адамдардың тағдырымен ойнамайды. Ол керемет, әлемдік спектакль қоймайды да, қайта Ол адамдардың тағдырына етене араласып, олармен бірге осы әлемнің қиындығын түсінумен, ауыртпалығын көтерумен өмір сүреді және бұлардың барлығын сүйіспеншілігімен, мейірімімен және құдіретімен істейді. «О, неткен бай, Құдайдың даналығы, неткен терең Оның білік-парасаты! Шешімдеріне адам ақылы жетпес, жолдарын Оның ешкім зерттеп бітпес!» (Рим. 11:33).

Ефестіктерге арналған хатқа назар аударайық: «...адам санасы жетпейтін осы сүйіспеншілікті танып білсеңдер екен. Сол арқылы Құдайдың рухани қасиеттері бойларыңа толықтай дари берсін!» (Ефес. 3:19)

Лайым, Құдай бізге біздің санамыздан жоғары тұрған Мәсіхтің сүйіспеншілігін түсінуге даналық берсін. Оның Мәңгілікті Жаратушы Ұлы Құдай екенін, тағдырымыз Оның қолында екенін және бізді Өзінің сүйіспеншілігінде тәрбиелейтінін бізге ашып көрсетсін. Сондай ақ Ол адамзат тағдырының үстінен қарайтынын, Құдай – Өке Өзінің балаларымен орнатқан қарым-қатынасына, яғни Оның бізбен қарым-қатынасына себеп-салдар заңдылығын бағындыратынын түсінуге даналық берсін. Осы даналық бізді: «Тәңірім, Сенің Басы және Соңы, Альфа және Омега, Алғашқы және Соңғысы болғаның қандай ғажап! Мен енді қорықпай Сені осы үшін мадақтаймын, Саған сол үшін алғыс айтамын!» – дегенге жеткізсін.

С. Құдайберген



ТАҢДАУ

Айнала тым-тырыс. Таң әлі атқан жоқ. Дала қап-қараңғы. Дүние ұйқыда. Сәлден кейін жаңа күн туады. Сөйтіп ол менің өміріме қызу араласады. Таңғы тыныштық күндізгі шумен алмасып, тылсым тыныштықты тіршіліктің қамы ығыстырып шығарады. Осылайша күні бойы әр түрлі шешімдер қабылдауға мәжбүр боламыз. Себебі алдымызда күтіп тұрған күн бізге өзінің талаптарын қояды. Бірақ мен шешімді дәл қазір қабылдауым керек. Құдайға шүкір, Иса Мәсіхтің айқыштағы өлімінің арқасында менде шешім бар.

Сондықтан мен мынаны таңдаймын...*Мен ерйіспеншілікті таңдаймын...*

Мен бүгін Құдайды және Оның сүйетіндерін сүйемін.

Ешкімді жек көрмеймін.

Себебі жүрегімде кек болса, маған еш ақталу жоқ.

*Мен қуанышты таңдаймын...*

Мен кез келген жағдайыма Құдайдың араласуына мүмкіндік беремін. Арсыздыққа, арамдыққа азғырылмаймын.

Адамдарға менсінбей қараудан бас тартып, оларға Құдайдың жаратылысы деп қараймын.

Әр жағдайды бұған Құдайдың қатысы бар деп қарастырамын.

*Мен тыныштықты таңдаймын...*

Мен бөріне кешіріммен қараймын.

Шынайы өмірге ие болу үшін, кешіремін.

*Мен шыдамдылықты таңдаймын...*

Мен осы дүниелік қолайсыздыққа мән бермеймін. Менің орнымды алған адамға лағынет айтудың орнына, оған орнымды өзім ұсынамын. Ұзақ күтіп қалдым деп шағымданудың орнына, сиынуға тағы мүмкіндік туғаны үшін ризашылық айтамын. Тапсырманы жұдырық жұмсап орындаудың орнына, керісінше, ашуды ақылға жеңгізіп, соңын қуанышқа айналдырамын.

*Мен қайырымдылықты таңдаймын...*

Мен жарлыларға қайырымдылық көрсетемін, себебі олар жалғызсырайды. Байларға қайырымдылық көрсетемін, себебі олардың бойын үрей билеген. Қайырымсыздарға да қайырымды боламын, себебі маған Құдай қайырымды болды.



Мен имандылықты таңдаймын...

Қалтамда бір тиыным болмаса да, арам табысты алмаймын.

Атақ-абыройсыз қалсам да, құр бекер мақтанбаймын.

Мен басқаны кінәламаймын, өзім тәубеге келемін.

Мен имандылықты таңдаймын.



Мен сенімділікті таңдаймын...

Мен уәдемде тұрамын. Маған қарыз берген адам, онысына өкінбейді. Әріптестерім менің сөздеріме күмөнданбайды.

Жұбайым менің сүйіспеншілігіме сенімді



Мен кішіпейілділікті таңдаймын...

Күшпен ештеңеге қол жеткізе алмайсың. Мен кішіпейіл боламын. Мен дауысымды көтерсем, тек қана Құдайды мадақтағанда ғана көтерем. Күшімді сиынуға жұмсаймын.

Талапты тек өзіме қоямын.



Мен ұстамдылықты таңдаймын...

Мен рухани жаратылыспын. Менің тәнім өлгенде, рухым тәнімді қалдырады. Шіритін тәнімнің шірімейтін мәңгілік рухыма билік жүргізуіне жол бермеймін. Менің басым тек қуаныштың мастығынан ғана айналады. Мен сенімге ғана құштармын. Маған тек Құдай ғана ықпал ете алады. Менің ұстазым – жалғыз Иса Мәсіх. Мен ұстамдылықты таңдаймын.

*Өрйіпенешілік, қуаныш, тыныштық, шыдамдылық,
қайырымдылық, имандылық, сенімділік,
кішіпейілділік және ұстамдылық.*

Мен бұрынгі кршімді, міне, осыларға жұмсаймын.

*Егер жеңіске жетсем, мадақтау айталмын. Егер
өатеіздікке ұшырасам, Құдайдың мейірімі мен
рақымын іздеймін.*

Ал осы күн біткен соң, басымды жастыққа қойып, тыным табамын...

Забур Жыры

Құдайсыздар кеңесіне бармайтын,
Күнәкарлар жолыменен жүрмейтін,
Мазақтаушылармен бірге отырмайтын,
Қайта, Тәңір заңына қуанатын,
Күні-түні сол туралы ойланатын
Әрбір адам қандай бақытты!

Ол мерзімінде жемісін беретін,
Жапырақтары еш кеуіп сембейтін,
Су жағасындағы ағашқа ұқсайды:
Не істесе де, табыссыз қалмайды.

Ал құдайсыздарда бұлай болмайды:
Олар жел ұшырған қабыққа ұқсайды,
Құдай сотында ақтала алмайды,
Әділдер қауымында орны болмайды.

Әділдің қамын Жаратқан ойлайды,
Ал құдайсыздың ізі де қалмайды.

Аумин.



КЕҢСЕ ТАЗАЛАУШЫ ӘЙЕЛДІҢ “ЖАРЫҒЫ”

«Сендердегі «нұр» адамдарға сәулесін төксін. Осылайша олар игі істерінді көріп, көктегі Әкелерінді дәріптесін». Матай жазған Ізгі хабар 5:16

Қалаға жаз келді. Ол шуақты жарығын жомарттықпен сыйға тартып күтпеген жерден бұзып кіргендей. Жүргіншілер қуқыл тартып, бозарған жүздерін күнге төсеп, жылуын сіңіріп, бозқараған гүлінің иісін рахаттана жұтады. Күңгірт тартқан киімдерді, өңі ашық, жеңіл жейделер мен шәйі көйлектер ауыстырды.

Айнала қуаныштан реңденіп, жап-жарық болып тұрғандай. Бірақ жайма шуақ жаз да айналадағы үстемдік еткен жағдайды өзгерте алмады. Адамдар әдеттегі өмір сүруін жалғастыруда. Кәдімгі өмірде жарық пен қуаныш аз еді, өйткені нағыз Жарық әрі Шындық болып табылатын Иса Мәсіх адамдардың өмірінен орын алмаған.

«Өзгеру» деп аталатын жас қауымның жетекшісі Тимур жол бойында ойлана аяндап келе жатыр. Оның жүрегі Құдайға деген алғысқа толы. Тәңір олардың кішкентай қауымын

баталап, адамдарды Исаға әкелуіне көмектесті. Енді, міне, қауымда тәубеге келген алғашқылардың біразы шомылдыру рәсімінен өтпек. Рәсім өтетін жерді – өзен жағасынан суға кіретін жиегін балауса жұмсақ шөп басқан қолайлы орынды белгілеп те қойды. Талдың көлеңкесінен мадақтау тобы шыжыған күн көзін сезінбейтін болады, балаларымен келген аналар да сол жерге орналасады. Мейрамға дейін екі-ақ апта уақыт қалды, алайда шешілмеген тағы бір үлкен мұқтаждық тұр.

Қауым мүшелерінің кейбірінде ғана жекеменшік көліктері бар, ал қалғандары шомылдыру рәсімі өтетін жерге өздері жетулері керек. Жастар үшін бұл қиындық туғызбайды, олар қуана серуендеп қайтады. Ал қарттар мен балалар қалай жетпек? Көлік керек. Сол үшін де қауым жетекшісі көмек сұрауға автопарк директорына келе жатыр. Көлік жағынан көмектесіп қалар деген үміті бар.

Кабинет алдындағы дәлізде он шақты адам күтіп отыр екен. Ұзақ күтуге тура келетінін сезген жетекші бос орынның біріне жайғасты да: «Тәңірім, директордың жүрегін дайындап, оған айтатын керекті сөзді аузыма салшы», – деп сиынды.

Автопарк директоры орта жастағы жүзі жылы, көзінен мейірім төгіліп тұрған адам екен. Тимур өзін таныстырып, мәсіхшілер қауымының жетекшісі екенін, бір өтінішпен келгенін айтты.

– Сіз мәсіхшілер қауымының жетекшісімін дейсіз бе? – деді ол осы сөзге ерекше көңіл бөліп.

Иә, – деп жас жігіт сасқалақтап қалды. – Қауымда жақында алғашқы шомылдыру рәсімі болмақшы еді.

Үнсіздік орнады, Тимур әрі қарай не айтарын білмей ыңғайсызданып отыр.

– Білесіз бе, Тимур, осыдан жиырма жыл бұрын Брянскіде мен осындай автопарккі басқардым. Қарапайым жұмысшылардың ішінде бір жас әйел болды. Ол менің бөлмемді тазалайтын. Мені таңғалдыратыны сол әйелге дейін де, сол әйелден кейін де менің бөлмемді дәл сондай таза етіп ешкім жинаған емес, – деді директор жүзіне күлкі үйіріліп.

Сенім сүрлеуімен

Жетекші де күлімсіреп, өзін еркін сезіне бастады, әңгіменің бастамасы жаман емес еді.

– Сол әйел ерекше жұмсақ, сабырлы болды. Өзінен қалай да бір жарық төгіліп тұратын. Жылда көктем мезгілінде менің тоңазытқышыма алғашқы піскен құлпынайдан салып қоятын. Ақшасын төлеуге қанша тырыссам да, ол алмайтын. Алғашқы өніммен бөлісіндер деген Құдайдың өсиеті бар деп айтатын. Мен бұл сыйлықты қабылдайтынмын. Менің түрлі жеміс-жидек алуыма мүмкіндігім болды, бірақ дәл сол құлпынайдай дәмді құлпынайды жеп көрген емеспін. Сол жылдары мәсіхшілерді қатты қудалайтын, ал менің қол астымдағы осы қарапайым әйел мәсіхші еді. Бірде әр қаладан келген мәсіхші жастардың орманда жиналатыны туралы хабар алдым. Мен жасақшылар мен милициялардың тобын көлікпен қамтамасыз етуім керек болды. Өте бір жайсыз оқиға болғалы тұр еді. Мен оған ескертпей қала алмадым – деп, тағы да үнсіз қалды, оқиғаны есіне түсіріп тұрған болу керек.

– Оның жауабы мені таңғалдырды, – деді әңгімесін жалғап. Біз, мәсіхшілер, бір кезде Мәсіх қауымды алып кету үшін келетініне кәміл сенеміз, – деді ол. Көптеген бауырластарым жиналатын сол жерге қалайша бармай қала аламын? Мүмкін, Тәңір Ием Өз қауымын алып кетуге тура сол кезде келетін шығар?

Ол ақыры осы кездесуге кетті. Олардың көбі сол түні тұтқындалды. Кейін менің жұмыскерімнің сектант екенін айтып, оны жұмыстан босатуымды талап еткен хабар жіберді. Мен осы бұйрыққа құлақ аспадым, ол үшін ешқашан өкінген де жоқпын.

– Директор үнсіз қалды, жетекші де үнсіз. Оның жүрегі қуанышты, жылы сезімге бөленді. Ол Құдайға, өз өмірімен Мәсіхті уағыздаған осы қарапайым мәсіхші бауырласына, жай жұмыскері жөнінде жақсы естелігі бар директорға разы болды.

– Сіздің өтінішіңіз? – деп бастық тыныштықты бұзды. – Шомылдыру рәсімі бола ма? Сізге автобус керек қой? Жетекші басын изеді.

Директор қағазға бірнеше сөз жазып, Тимурға ұсынды: «Осы хатты көрсетсеңіз сізге тегін автобус береді». Қысқа және жылы кездесуден кейін жетекші орындықтарға жайғасып, кіруге кезек күтіп отырған келушілерге толы дәлізде тұрды.

– Шомылдыру рәсімі керемет өтті. Автопарктың директоры бөлген автобустың арқасында, мерекеге барлық қауым мүшелері қатыса алды. Бір жыл өткеннен кейін қауымда жексенбілік мектепте қызмет басталды, сенушілер қауым жиналысына туыстары мен достарын шақырды, жастар дастархан басында шүйіркелесті. Жазға қарсы жаңа тәубе еткендердің арасынан шомылдыру рәсімінен өтуге ниет білдірген топ жиналды.

Шомылдыру рәсіміне біраз апта уақыт қалғанда, қауым жетекшісі тағы да автопарк директорымен кездесуге келе жатты. Ол қанша ыңғайсызданса да, осы жоғарғы лауазымды кісіге өтінішін айтуға тиісін түсінеді. Баяғыдай дәлізде адамдар отыр, Тимур да бір орындыққа отыра кетті. Біраз уақыттан кейін жылдам басып келе жатқан директор ғимаратқа кірді. Отырғандардың бәрі қозғалақтап, қолдарындағы қағаздарын шытырлатып, оның назарын әркім өзіне аударғысы келді. Бәрімен амандасып өтіп бара жатқан ол Тимурға көз тігіп тоқтап қалды.

– Сіз қауым жетекшісіз бе? – Тимур қобалжи басын изеді. Директор есікті нұсқады.

– Кіріңіз.

Бұл жылы да қауым мүшелері қуанышпен Құдайды мадақтап, шомылдыру рәсіміне бәрі қатысты.

Жетекші уағызында, жылдар өтсе де өмірі басқаларға бата болған осы әпке жайлы айтпай қала алмады.

Осылайша автопарктың директоры бөлген автобуспен жетекші сенушілерді бірнеше рет шомылдыру рәсіміне алып барды. Бұл, директор қала әкімі болып ауысып кеткенге дейін бірнеше жылдар бойы жалғасты. Ол әкім болғаннан кейін де оның мәсіхшілер жөнінде жақсы пікірде екенін бүкіл жұртшылық білді.

Н. Тарасова



Сәбидің сұрақтары

Бекбаев Тұрғанбек

Сауал қойды анасына қызы бір күн былай деп:

– Күйзелтетін адам жанын не себепті қайғы көп?

Анасы айтты:

– Кішкентайым, жаныңды кір баспасын.

Қойшы деді сұрағыңның тәуірлеуін, басқасын.

– Онда, мама, түсіндірші қуаныштың мәні жайлы маған сен,

Анасы айтты: – Кенет бірден мол бақытқа кенелсең.

Қыз сұрады анасынан: – Бақыт деген не нәрсе?

Анасы айтты: – Күйніштен көзден жасың өте сирек төгілсе.

Қыз сұрады: – Көздің жасы қайдан пайда болады?

Анасы айтты: – Жүректен ол көз жасы боп ағады.

Қыз сұрады: – Адамдардың жүректері қанша ұзақ соғады?

Анасы айтты: – Жүрек тоқтап, бір күндері өмір шөптей солады.

Қыз сұрады: – Соқпақ менің қанша уақыт жүрегім?

Анасы айтты: – Соқсын мәңгі, Тәңірден сол тілерім.

Қыз сұрады: – Ана, бір күні мен де кәрі болам ба?
Анасы айтты: – Ұйықта, ботам, сұрағыңды осыменен тәмамда.
Қыз сұрады: – Ана, сен де көкке барғың келе ме?
Анасы айтты: – Түн жарымы, ұйықта дағы, демалыс бер денеңе.

Қыз сұрады: – Жыламай ма көкке барған адамдар?
Жыламайды, – деді анасы, – бәрі өзгеше болады,
Онда, мезгіл болды, сұрағыңды тәмамдар.
– Өлмей ме? – деп сұрады қыз, бар адамдар көктегі?
– Жойылады бар қасірет, – деді анасы,
Ұласады мәңгі жазға біздегі өмір көктемі.

Сұрады қыз: – Айтшы, ана, қайғы деген не? – деді.
Айтты анасы: – Ұйықта, қызым, таң да атып келеді.
Сұрады қыз: – Айтшы, ана, түсімде мен көк аспанды көрем бе?
Анасы айтты: – Ұйықта, қызым, Өке бірге,
Тыныштыққа уайымсыз бөлен де.

«Көкке барам, көкті жаным қалайды», – деп,
Еріндері жыбырлаумен дыбыссыз,
Тәтті ұйқының құшағына еш алаңсыз кетті қыз.





Бағушыны іздеуге арналған топ

“Жаратқан Ие пенденің көзімен қарамайды”

Патшалықтар туралы 1-жазба 16:7

Бағушыны іздеуге арналған топ өз қауымының алдында есеп беріпті. «Біз өзімізге лайықты бағушыны іздеп жүріп, бойында бізге қажетті қасиеттері бар бір-ақ адамды таптық. Барлық үміткерлермен сұхбаттасқан едік. Енді біз сіздерге олардың есімдері мен олар жайында жасаған пайымдауларымызды ұсынайық:

Нұх: Көп уағыз айтса да табысқа жетпейді! 120 жыл тәжірибесі болса да, ол арқылы ешкім тәубеге келген жоқ.

Мұса: Тұтықпа. Өзін ұстай алмайтын ашушаң.

Ыбырайым: Билік иелерімен араласқан кезде бір келеңсіз жағдайға ұрынып, одан өтірік айтып амалын тауып кеткен.

Дәуіт: Неке адалдығын бұзбай әдептілеу болғанда, жақсы музыка қызметшісі болар еді.

Сүлеймен: Данышпан болса да, өзінің айтқанына сай өмір сүрмейді.

Ілияс: Оның түңіліп кетуі оңай, қиын жағдайға тап болса, жасып қалады.

Ошия: Әйелінен ажырасып, жезөкшеге үйленген.

Еремия: Тым сезімтал әрі сөздері қатты. Дүрбелең туғызушы.

Амос: Шаруа. Інжір жемісін жинап, мал өсіргені дұрысырақ болар еді.

Жақия: Өзін «суға шомылдырушымын» деп атағанымен, сыпайы емес сияқты. Оның үстіне қалай болса солай киінеді.

Петір: Қызба мінезді. Жұрттың алдында Исадан танған.

Пауыл: Одан баспасөз үшін сұхбат алған адам өкінер, бір сөйлесе ұзақ сөйлеп кетеді.

Тимоте: Қабілеті мен талабы жақсы. Бірақ әлі тым жас.

Иса: Уағыз айтқанда қауым мүшелерін ренжітеді. Күнәһарлармен тым көп уақыт өткізеді. Тікелей әрі нақты сұрақтар қойып, бағушыны іздеуге арналған топтың мүшелерін ренжітті.

Яһуда: Пысык; адамдармен тез тіл табысып кетеді; ақшаны тиімді пайдаланады. Кейде тіпті жарлыларға да көмектеседі, сәнді киінеді. Осы кісі біздің бағушымыз болсын деп барлығымыз келістік».

**Құдай «пенденің көзімен қарамайды»,
Ол адамның жүрегіне қарайды.
Осыған қуанбайсыз ба?**



ТЕНДЕССІЗ МӘСІХ

Осыдан жиырма ғасыр бұрын табиғат заңдылығына қарсы, Адам ұлы дүниеге келген. Бұл Адам кедейшілікте өмір сүріп, бізге толықтай белгісіз мәдениетте тәрбиеленген. Ол аз саяхаттап, тек нәресте кезінде – Мысырға отбасымен қашқан кезде, бір рет қана Отанының шекарасынан аттап шыққан.

Оның ешқандай лауазымы, не болмаса байлығы болмады. Туыс-туғандары қарапайым, сауаты жоқ адамдар болған. Нәресте кезінде патшаның тынышын алған, жігіттік шағында табиғатты басқарып, толқынның үстімен көпірмен жүргендей жүріп, теңізді тыныштандырған. Ол еш дәрі-дәрмексіз бұқара халықты сауықтырып, қызметіне сый-ақы дәмепеді де.

Ол бірде-бір кітап жазбады да.

Бірақ Ол туралы жазылған кітаптар біздің еліміздің кітапханаларына сыймайды. Ол бірде-бір өн шығармады. Бірақ та Ол дүниедегі бүкіл сазгерлер қосылып жырласа да тауыса алмайтын өндерге тақырып болды.



Ол бірде-бір мектептің негізін қаламады.

Бірақ әлемнің барлық оқу орындарының түлектерін қосып есепке алған күннің өзінде, олар Оның шәкірттерінің санымен теңесе алмайды.



Ол ешқашан қалың әскерді басқарып көрмеген еді, басқару былай тұрсын, әскерге ешкімді шақырмады да, сондай-ақ мылтықтан оқ атып көрмеген. Ешбір мемлекет басшысында бұйрықты бұлжытпай орындап мыңдаған бүлікшілердің қаруын тастатып, бағындыратын ерікті жауынгерлер саны Оның ерікті сарбаздарының санының маңайына да жуымайды.



Ол ешқашан психиатрия саласымен айналысқан емес, бірақ бүкіл әлем дәрігерлерінің атқарған ісін қоса есептесе де Оның емдеп-жазған жаралы жүректер санымен салыстыруға да тұрмайды.



Әр апта сайын әлем бойынша сауда-саттық пен өнеркәсіп атаулының қозғалысы тоқтап, қалың бұқара халық Оған сүйспеншілік пен ерекше қадір-құрметтің сыйын көрсету үшін мінажат жиналыстарына қарай лек-легімен ағылады.



Әлемнің ұлы және маңғаз, төкаппар билеушілерінің есімдері қайда, кәне олар? Бұрынғының ғалымдарының, пәлсапашыларының және дін мұғалімдерінің есімдері қайда? Бірақ бұл Адамның есімі жиі-жиі естіліп жүр. Уақыт Оның айқыштағы өлімі мен біздің ұрпағымыздың арасына жиырма ғасыр қашықтықты салды, бірақ Ол әлі тірі. Ирод патша Оны өлтіре алмады, ал тозақтың көрі Оны ұстап та қала алмады.

Құдайдың тағайындауымен Ол көктің құрметті, ең жоғарғы орнына шықты.

Оған періштелер бағынып, киелілер сиынады.

Ал жындар келуге жақын тірі Тәңіріміз, әрі Құтқарушымыз – Мәсіхтен қорқып дірілдейді.

Жантеков С.

Исаға сенгендер тірілер

Бекбаев Тұрғанбек

Кірлетпе көңілдің кестесін,
Жарығың жүректен өшпесін.
Исамен біргесің қашанда,
Еске алма өткен күн өкпесін.

Домбыраң жыр төгіп шертілсін,
Исамен жарықсың еркінсің.
Көңілдің мұздарын жібітіп,
Исаға тапсыр да серпілші.

Тарихын қозғама өткеннің,
Қорсынып бауырым сөккен кім.
Өзөзіл күштерге жол берме,
Сен үшін Иса қан төккен шын.

Адассаң қайта орал жолыңа,
Шырмалма өзөзіл торына.
Шаршасаң, шалдықсаң тек Иса,
Күш беріп жетелер қолыңнан.

Ерінбей еңбек ет халыққа,
Сеніммен шығарсың жарыққа.
Исада болсын тек жүрегің,
Бауырым көзінді аш қамықпа.

Исаға сенгендер тірілер,
Бір дене, бір бас боп бірігер.
Елінде жарық боп жанбасаң,
Исаның туын кеп кім ілер.

*Тәлім алып, Тәңірге мойынерудың
зор пайдасы*

Балам, берген нұсқауларымды еш ұмытпа,
Өсиеттерімді менің жүректе сақта!
Өйткені олар ғұмырыңды ұзартар,
Амандық пен тыныштық молынан дарытар.

Мейірім мен шындықтан ешқашан безбе,
Мойныға байлап, жазып қойғандай жүрекке.
Сонда ұнамды болып Құдай мен адамға,
Ие боласың зор құрмет-абыройға.

Паңданып өзінді «данышпанмын» деп ойлама,
Құдайды шын қастерле, зұлымдыққа жолама,
Тұла бойың сергіп, сауығатын болар сонда
Тәңірді құрметтеп сыйға бер мал-мүлкіңнен,
Алған бар өніміңнің алғашқы түсімінен.
Сонда астыққа кенелер қамбаларың,
Ернеулеп толар шырынға ыдыстарың.

Өз ақыл-санаға сүйеніп жүрме,
Сенім арт шын жүректен Жаратқан Иеңе.
Бар жағдайда да мойында Тәңір Иеңді,
Сонда Ол тура жолмен жетелер сені.

Данышпан Сүлейменнің
нақыл сөздерінен үзінді.